

Банктер мен банктік холдингтердің ірі қатысушыларының есеп және мәліметтер беру ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының қаулысы 2001 жылғы 25 маусым N 256 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2001 жылғы 3 тамызда тіркелді. Тіркеу N 1612. Күші жойылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2006 жылғы 25 ақпандағы N 41 (V064180) қаулысымен.

Ескерту: Қаулының күші жойылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2006 жылғы 25 ақпандағы N 41 қаулысымен.

Шоғырландырылған банктік қадағалауды енгізу мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. Банктер мен банктік холдингтердің ірі қатысушыларының есеп және мәліметтер беру ережесі бекітілсін және Ереже мен осы қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап он төрт күн өткеннен кейін күшіне енгізілсін.

2. Банктерді және сақтандыруды қадағалау департаменті (Мекішев А.А.):

1) Заң департаментімен (Шәріпов С.Б.) бірлесіп осы қаулыны және Банктер мен банктік холдингтердің ірі қатысушыларының есеп және мәліметтер беру ережесін Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізу шараларын қабылдасын;

2) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізілген күннен бастап он күндік мерзімде осы қаулыны және Банктер мен банктік холдингтердің ірі қатысушыларының есеп және мәліметтер беру ережесін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің аумақтық филиалдарына және екінші деңгейдегі банктерге жіберсін.

3. Осы қаулыны және Банктер мен банктік холдингтердің ірі қатысушыларының есеп және мәліметтер беру ережесі күшіне енгізілген күннен бастап 30 күн ішінде Банктер мен банктік холдингтердің ірі қатысушыларының есеп және мәліметтер беру ережесінің талаптары қолданылатын тұлғалар соңғы есепті күнге қарай Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне Банктер мен банктік холдингтердің ірі қатысушыларының есеп және мәліметтер беру ережесінде көзделген қаржылық есеп пен мәліметтерді беруге міндетті.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Төрағасы Г.А.Марченкоға жүктелсін.

Ұ л т т ы қ Б а н к

Төрағасы

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
Ұ л т т ы қ Б а н к і Б а с қ а р м а с ы н ы ң
2 0 0 1 ж ы л ғ ы 2 5 м а у с ы м д а ғ ы
N 2 5 6 қ а у л ы с ы м е н
бекітілген

**БАНКТЕР МЕН БАНКТІК ХОЛДИНГТЕРДІҢ
І Р І Қ А Т Ы С У Ш Ы Л А Р Ы Н Ы Ң
ЕСЕП ЖӘНЕ МӘЛІМЕТТЕР БЕРУ ЕРЕЖЕСІ**

Осы Ереже "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" (бұдан әрі - Банктер туралы заң), "Бухгалтерлік есеп туралы" Қазақстан Республикасының Заңдарына, сәйкес әзірленген және Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган (бұдан әрі - уәкілетті орган) шоғырландырылған банктік қадағалауды жүзеге асыруы мақсатында банктердің және банктік холдингтердің ірі қатысушыларының есеп және мәліметтер беру тәртібін, нысанын және мерзімін белгілейді.

Ескерту: Кіріспеге өзгерістер енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2004 жылғы 25 қазандағы N 304 қаулысымен .

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Ірі қатысушылар және банктік холдингтер Қазақстан Республикасының резидент банктерін қоспағанда, қаржылық есепті және оған шоғырландырылған банктік қадағалауды жүзеге асыруға арналған қажетті мәліметтерді Банктер туралы заңда және осы Ережеде белгіленген мерзімде Ұлттық Банктің банктерді қадағалайтын бөлімшесіне ұсынады.

2. Банктер мен банктік холдингтердің ірі қатысушыларының қаржылық есебіне уәкілетті орган бекіткен мынадай нысандар кіреді:

бухгалтерлік баланс;
қаржы-шаруашылық қызметінің нәтижелері туралы есеп;
ақша қозғалысы туралы есеп;

түсіндірме жазба.

2-тарау. Банктің немесе банктік холдингтердің ірі қатысушысы болып табылатын заңды тұлғалардың қаржылық есеп және мәліметтер беру тәртібі

3. Банктің ірі қатысушысы қаржы жылы аяқталғаннан кейін тоқсан күн ішінде шоғырландырылған жылдық қаржылық есепті және оған түсіндірме жазбаны уәкілетті органға тапсырады.

Банктік холдинг келесі есепті тоқсандағы қырық бес күн ішінде тоқсан сайынғы шоғырландырылған қаржылық есепті және оған түсіндірме жазбаны, сондай-ақ қаржы жылы аяқталғаннан кейін тоқсан күн ішінде шоғырландырылған жылдық қаржылық есепті және оған түсіндірме жазбаны уәкілетті органға тапсырады.

Ескерту: 3-тармаққа өзгерістер енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2004 жылғы 25 қазандағы N 304 қаулысымен .

4. Банктің ірі қатысушысының жылдық қаржылық есебінің түсіндірме жазбасында, сондай-ақ банктік холдингтің тоқсан сайынғы және жылдық қаржылық есебінің түсіндірме жазбасында мынадай ақпарат көрсетілуі тиіс:

1) ірі қатысушының (банктік холдингтің) қызмет түрінің немесе түрлерінің сипаттамасы, онда мынадай ақпарат болуы тиіс:

банктің осы банкке қатысты банктің (банктік холдингтің) ірі қатысушысы болып табылатын ұйымдарға қатысты есеп айырысу-касса қызмет көрсетуін қоспағанда жасалу мақсатын көрсете отырып осы Ережеге сәйкес есепті кезеңде жүзеге асырылған барлық маңызды операциялары туралы. Акцияларға орналастырылған активтерді және басқа адамдардың жарғылық капиталындағы қатысу үлесін есептемегенде жасалу күніне банктің (банктік холдингтің) ірі қатысушысының меншік капиталының он және одан да көп проценті болатын операциялар маңызды болып танылады;

банктің (банктік холдингтің) ірі қатысушыларына банктің есеп-айырысу касса қызмет көрсетуін қоспағанда банк және банктің (банктік холдингтің) ірі қатысушысы арасындағы барлық басқа да операциялар, сондай-ақ осы Ереженің N 1 қосымшасына сәйкес банк және банктің (банктік холдингтің) ірі қатысушысы бірлесіп қатысатын барлық операциялар туралы;

2) банктің (банктік холдингтің) ірі қатысушысына қатысты қатысушы болып табылатын әрбір ұйымның атауы, оның жарғылық капиталына қатысу мөлшері және үлесі (осы Ереженің NN 2 және 3 қосымшаларына сәйкес), олардың қызмет түріне немесе түрлеріне сипаттама, ірі қатысушы (банктік холдинг) ірі қатысушысы болып табылатын ұйымдардың қаржылық есебі, сондай-ақ:

шарт бойынша банктің шешіміне бірлесіп ықпал етуге байланысты немесе басқаша түрде, оның ішінде міндетті түрде осындай ықпалды жүзеге асыру мүмкіндігін белгілейтін өкілеттіктер берілуінің сипаттамасы бар барлық ақпарат;

банктің (банктік холдингтің) ірі қатысушысының лауазымдық тұлғалары

туралы, оның ішінде банктің (банктік холдингінің) ірі қатысушысы болып табылатын ұйымда және осы Ереженің N 4 қосымшасына сәйкес оларға кез келген ұйымда тікелей немесе жанама тиесілі қатысу үлестерін (акцияларын) көрсете отырып көрсетілген адамдардың қызметтерінің сипаттамасы бар барлық а қ п а р а т ;

ірі қатысушының (банктік холдингінің) осы Ереженің N 5 қосымшасына сәйкес заем сомасы және сатып алынған қатысу үлесін (акцияларын) міндетті түрде көрсете отырып заемдардың есебінен сатып алынған басқа ұйымдарда қатысу үлестерін (акцияларын) сатып алуына байланысты барлық ақпарат;

ірі қатысушы (банктік холдинг) қатысушы болып табылатын (болып табылған), оның ішінде басқа адамдармен бірлесіп, оның ішінде мынадай ақпараты бар, ұйымдар тізбесінің есепті кезеңде өзгеруімен байланысты барлық а қ п а р а т ;

ірі қатысушы (банктік холдинг) қатысушы болып табылатын (болып табылған) ұйымдардың қатысу үлестерін (акцияларын) сатып алу (ие болу) м а қ с а т т а р ы т у р а л ы ;

мәміле сомалары туралы;
мәміленің қаржылық нәтижелері туралы.

Осы ақпаратта банктің (банктік холдингінің) ірі қатысушысының жарғылық капиталында есепті кезеңдегі қатысуы уақытша болған және есепті күнге N 6 қосымшаға сәйкес тоқтатылған барлық ұйымдар туралы мәліметтер болуы тиіс;

3) банктің (банктік холдингінің) ірі қатысушысының қатысушысы болып табылатын әрбір ұйымның атауы, сондай-ақ банктің (банктік холдингінің) ірі қатысушысының жарғылық капиталына қатысатын ұйымның ірі қатысушылары болып табылатын барлық адамдардың тізбесі, қатысу мөлшері және үлесі (акциялары), қызмет түрі немесе түрлерінің сипаттамасы және банктің (банктік холдингінің) ірі қатысушысының ірі қатысушылары болып табылатын ұйымдардың шоғырландырылған қаржылық есебі.

5. (Банктік холдингінің) ірі қатысушысының қаржылық есебіне түсіндірме жазбада осы Ереженің 4-тармағында атап көрсетілген мәліметтерден басқа ақпараттың толық ашылуына қажетті шоғырландырылған есепті жасау жөніндегі жұмыс кестелері және (банктік холдингінің) ірі қатысушысының шоғырландырылған қаржылық есебіне енгізілген (банктік холдингінің) ірі қатысушысының еншілес және тәуелді ұйымдарының тиісінше ресімделген (бірінші басшы және бас бухгалтер қол қойған, сондай-ақ ұйымның мөрімен бекітілген) қаржылық есебі баптарының талдамаларын қоса отырып шоғырландырылған қаржылық есебін жасау әдістерінің толық сипаттамасы болуы тиіс.

6. Шоғырландырылған жылдық қаржылық есепке жүргізілген аудит туралы есептің көшірмелерін және аудит ұйымының ұсынымдары мыналар:

осы құжаттарды алған күннен бастап отыз күн ішінде банктік холдинг;
осы құжаттарды алған күннен бастап отыз күн ішінде банктік холдинг ірі қатысушы болып табылатын ұйымдардың шоғырландырылған жылдық қаржылық есебінің нысандарымен бірге банктік холдинг ірі қатысушы болып табылатын ұйымдар уәкілетті органға ұсынуы тиіс.

Ескерту: 6-тармаққа өзгерістер енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2004 жылғы 25 қазандағы N 304 қаулысымен .

3-тарау. Банктің ірі қатысушылары болып табылатын жеке тұлғалардың мәліметтер беру тәртібі

7. Банктің ірі қатысушылары болып табылатын жеке тұлғалар күнтізбелік жыл аяқталғаннан кейін тоқсан күн ішінде N 7 қосымшаға сәйкес уәкілетті органға кірісі мен мүлкі туралы мәліметтер ұсынады.

Салық заңнамасына сәйкес салық қызметі органдарына кірісі туралы декларацияны ұсынған жағдайда банктің ірі қатысушылары болып табылатын жеке тұлғалар қаржылық жыл аяқталғаннан кейін жүз жиырма күн ішінде салық қызметі органының оны қабылдау туралы белгісі бар декларацияның нотариат куәландырған көшірмесін уәкілетті органға ұсынуы тиіс.

Ескерту: 7-тармаққа өзгерістер енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2004 жылғы 25 қазандағы N 304 қаулысымен .

8. Кірісі мен мүлкі туралы мәліметтерге, сондай-ақ банктің ірі қатысушылары болып табылатын жеке тұлғалардың кірісі туралы декларациясына міндетті түрде олар қол қойған мынадай мәліметтер қоса берілуі тиіс:

1) жеке тұлғаның басқа тұлғалармен бірлесіп олардың арасындағы шарт бойынша банктің шешіміне ықпалы туралы немесе басқаша түрде, оның ішінде міндетті түрде осындай ықпалды жүзеге асыру мүмкіндігін белгілейтін өкілеттіктер берілуінің сипаттамасы бар барлық ақпарат;

2) осы Ереженің N 8 қосымшасына сәйкес жеке тұлғаның кез келген ұйымдарда қатысу үлесін (акцияларын) көрсете отырып жеке тұлғаның атқаратын қызметтері туралы барлық ақпарат;

3) осы Ереженің N 5 қосымшасына сәйкес жеке тұлғаның ұйымдардың жарғылық капиталындағы қатысу үлестерін (акцияларын) алынған заемдар есебінен сатып алуы туралы барлық ақпарат;

4) осы Ереженің N 9 қосымшасына сәйкес жеке тұлғаның жақын туыстары (ата-анасы, жұбайы (зайыбы), аға-інілері, апа-қарындастары, балалары) және жеке тұлғаның жұбайының (зайыбының) ата-анасы, аға-інілері, апа-қарындастары

туралы барлық ақпарат, оның ішінде:
аты - жөні, әкесінің аты;

жеке тұлғаның жақын туыстары, жеке тұлғаның жұбайы (зайыбы) және жұбайының (зайыбының) жақын туыстары оларға қатысты лауазымдық тұлғалар болып табылатын ұйымдардың атауы, атқаратын қызметін көрсете отырып;

жеке тұлғаның жақын туыстарына, жеке тұлғаның жұбайына (зайыбына), жұбайының (зайыбының) жақын туыстарына тиесілі кез келген ұйымдардың жарғылық капиталындағы қатысу үлесі (акциялары);

5) осы Ереженің №N 6 қосымшасына сәйкес жеке тұлға қатысушы болып табылатын (болып табылған) ұйымдар тізбесінің есепті кезеңде өзгеруіне байланысты барлық ақпарат, оның ішінде:
мәміле (мәмілелер) сомасы;

мәміленің (мәмілелердің) қаржылық нәтижесі.

4-тарау. Қорытынды ережелер

9. Банктер осы Ережеге сәйкес банктің ірі қатысушыларының, банктік холдингтердің және олардың ірі қатысушыларының уақтылы және толық ақпарат ұсынуына ықпал етеді.

10. Осы Ережеде реттелмеген мәселелер қолданылып жүрген заңнамаға сәйкес шешіледі.

Төраға

Қазақстан Республикасының
Ұлттық Банкі Басқармасының
2001 жылғы 25 маусымдағы N 256 қаулысымен
бекітілген Банктер мен банктік
холдингтердің ірі қатысушыларының есеп
және мәліметтер беру ережесіне

N 1 қосымша

МАҢЫЗДЫ ЖӘНЕ БАСҚА ОПЕРАЦИЯЛАР ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР

1. ЕСЕП БЕРУШІ ҰЙЫМ ЖӨНІНДЕ АҚПАРАТ

Ұйымның атауы _____

Почталық мекен-жайы _____

Мекен-жайы _____

тел.: _____ факсы: _____

2. МАҢЫЗДЫ ОПЕРАЦИЯЛАРДЫҢ СИПАТТАМАСЫ

Операцияның түрі	Сомасы (мың) (операция	Контрагенттің атауы	Қаржылық нәтижесі (мың) ж а с а л ғ а н (к і р і с а л ы н ғ а н)
------------------	---------------------------	---------------------	---

валютада
көрсетіледі)

3. _____ БАНКІМЕН ОПЕРАЦИЯЛАРДЫҢ СИПАТТАМАСЫ

банктің атауы

Операциялардың түрі	Сомасы (мың) (операция жасалған (кіріс	Мәміленің басқа қатысушыларының атауы	Қаржылық нәтижесі (мың) (алынған) валютада көрсетіледі)
---------------------	---	---------------------------------------	--

_____	_____	_____	_____
_____	_____	_____	_____
_____	_____	_____	_____

4. ҚОСЫМША МӘЛІМЕТТЕР (АҚПАРАТТЫ ТОЛЫҚ АШУҒА ҚАЖЕТТІ
БАРЛЫҚ БАСҚА МӘЛІМЕТТЕР КӨРСЕТІЛЕДІ)

Бірінші басшы _____ Бас бухгалтер _____
қолы қолы

МО

Е с е п т і ж а с а у күні:

О р ы н д а у ш ы :

_____ тел.: _____
қолы (аты-жөні)

Қазақстан Республикасының
Ұлттық Банкі Басқармасының
2001 жылғы 25 маусымдағы N 256 қаулысымен
бекітілген Банктер мен банктік
холдингтердің ірі қатысушыларының есеп
және мәліметтер беру ережесіне

N 2 қосымша

**БАСҚА ТҰЛҒАЛАРДЫҢ ЖАРҒЫЛЫҚ КАПИТАЛҒА
ҚАТЫСУЫ ЖӨНІНДЕ МӘЛІМЕТТЕР**

1. ЕСЕП БЕРУШІ ҰЙЫМ (ЖЕКЕ ТҰЛҒА) ЖӨНІНДЕ АҚПАРАТ

Ұйымның атауы _____

Почталық мекен-жайы _____

Мекен-жайы _____

тел.: _____ факсы: _____

2. БАНКПЕН ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС

_ 2.1. Ірі қатысушы _ Жеке тұлға _ Тікелей қатысу
_ 2.2. Холдингтік компания _ Заңды тұлға _ Жанама қатысу

3. ЕСЕП БЕРУШІ ТҮЛҒАНЫҢ ҚАТЫСУШЫЛАРЫ ЖӨНІНДЕ АҚПАРАТ

Қатысушының атауы Қатысу Қатысу үлесі (акциялар)
с о м а с ы
Ж е к е Б і р г е

_____	_____	_____	_____
_____	_____	_____	_____
_____	_____	_____	_____

4. ЕСЕП БЕРУШІ ТҮЛҒА ҚАТЫСУШЫСЫ БОЛЫП ТАБЫЛАТЫН
Ұ Й Ы М Д А Р
ЖӨНІНДЕ АҚПАРАТ

Қатысушының атауы Қатысу Қатысу үлесі (акциялар)
с о м а с ы
Ж е к е Б і р г е

_____	_____	_____	_____
_____	_____	_____	_____
_____	_____	_____	_____

Бірінші басшы _____ Бас бухгалтер _____
қолы қолы

МО

Есепті жасау күні:

О р ы н д а у ш ы :

_____ тел.: _____
қолы (аты-жөні)

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі
Басқармасының 2001 жылғы 25 маусымдағы
N 256 қаулысымен бекітілген Банктер мен
банктік холдингтердің ірі қатысушыларының
есеп және мәліметтер беру ережесіне

N 3 қосымша

**БАНКТИҢ (БАНКТИК ХОЛДИНГТИҢ) ІРІ ҚАТЫСУШЫСЫНЫҢ
ҰЙЫМНЫҢ ЖАРҒЫЛЫҚ КАПИТАЛЫНА ҚАТЫСУ КЕСТЕСІ**

(есеп беруші тұлғаға толық құрылымды ұсыну қажет, шартты болып табылады)

2. Қатысушы		1. Қатысушы	
22 %		10 %	
4. Қатысушы		3. Банктік холдинг	
15 % 10 %		51 % 10 %	
6. Жарғылық капиталына қатысушы банк қатысушы болып табылатын ұйым		7. Жарғылық капиталына банктік холдинг қатысушы болып табылатын ұйым	
5. Банк		5. Банк	
Бірінші басшы _____ қолы		Бас бухгалтер _____ қолы	

МО

Есепті жасау күні:

О р ы н д а у ш ы :

тел.: _____

қолы

(аты-жөні)

Қазақстан Республикасының
Ұлттық Банкі Басқармасының
2001 жылғы 25 маусымдағы N 256
қаулысымен бекітілген Банктер мен банктік
холдингтердің ірі қатысушыларының есеп
және мәліметтер беру ережесіне

N 4 қосымша

**БІРІГЕ ОТЫРЫП БАНКТИҢ ІРІ ҚАТЫСУШЫЛАРЫ
БОЛЫП ТАБЫЛАТЫН ҰЙЫМДАРДЫҢ ЛАУАЗЫМДЫ ТҰЛҒАЛАРЫ
ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР**

ЕСЕП БЕРУШІ ҰЙЫМ ЖӨНІНДЕ АҚПАРАТ

Ұйымның атауы _____

Почталық мекен-жайы _____

Мекен-жайы _____

тел.: _____ факсы: _____

Лауазымды тұлғаның аты-жөні (есеп беруші ұйымдардың барлық лауазымды тұлғалары көрсетіледі)

Банктік холдингінің (банктің ірі қатысушысының) атауы

Басқа ұйымдардың атауы

Қатысу сомасы

Лауазымды тұлғаға тиесілі қатысу үлесі (акциясы)

Тікелей Жаңама

Бірінші басшы қолы _____

Бас бухгалтер қолы _____

МО

Есепті жасау күні:

Орындаушы: _____ тел.: _____

қолы (аты-жөні)

Қазақстан Республикасының
Ұлттық Банкі Басқармасының
2001 жылғы 25 маусымдағы N 256
қаулысымен бекітілген Банктер мен банктік
холдингтердің ірі қатысушыларының есеп
және мәліметтер беру ережесіне

N 5 қосымша
**ҚАТЫСУ ҮЛЕСІН ИЕЛЕНУ ҮШІН ЗАЕМДАР
ҰСЫНУ ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР**
ЕСЕП БЕРУШІ ҰЙЫМ ЖӨНІНДЕ АҚПАРАТ

Ұйымның атауы _____
Почталық мекен-жайы _____
Мекен-жайы _____
тел.: _____ факсы: _____
Заем беруші Заем алған Заемның Ұйымдардың, жеке Сатып
ұйымның ұйымның сомасы тұлғалардың сатып алынған

(жеке атауы (аты- алған заемдарының, акциялар.
тұлғаның) жөні) банк акцияларының дың үлесі
а т а у ы с о м а с ы

_____	_____	_____	_____	_____
_____	_____	_____	_____	_____
_____	_____	_____	_____	_____
_____	_____	_____	_____	_____

Бірінші басшы _____ Бас бухгалтер _____
қолы қолы

МО

Есепті жасау күні:

О р ы н д а у ш ы :

тел.: _____

қолы (аты-жөні)

Қазақстан Республикасының
Ұлттық Банкі Басқармасының
2001 жылғы 25 маусымдағы N 256
қаулысымен бекітілген Банктер мен банктік
холдингтердің ірі қатысушыларының есеп
және мәліметтер беру ережесіне

N 6 қосымша

УАҚЫТША ҚАТЫСУ ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР

ЕСЕП БЕРУШІ ҰЙЫМ (ЖЕКЕ ТҰЛҒА) ЖӨНІНДЕ АҚПАРАТ

Ұйымның атауы _____

Почталық мекен-жайы _____

Мекен-жайы _____

тел.: _____ факсы: _____

Ұйымның атауы Қатысу кезеңі Қатысу үлесі Мәміле сомасы Қаржы
(сатып алу (акциясы) нәтижесі
күні, сату (мың)
күні)

_____	_____	_____	_____	_____
_____	_____	_____	_____	_____
_____	_____	_____	_____	_____

_____ | _____ | _____ | _____ | _____

Бірінші басшы _____ Бас бухгалтер _____
қолы қолы

МО

Есепті жасау күні:

О р ы н д а у ш ы :

_____ тел.: _____
қолы (аты-жөні)

Қазақстан Республикасының
Ұлттық Банкі Басқармасының
2001 жылғы 25 маусымдағы N 256
қаулысымен бекітілген Банктер мен банктік
холдингтердің ірі қатысушыларының есеп
және мәліметтер беру ережесіне
N 7 қосымша

**БАНКТИҢ ҚАТЫСУШЫСЫ БОЛЫП ТАБЫЛАТЫН ЖЕКЕ
ТҰЛҒАНЫҢ КІРІСТЕРІ МҮЛКІ ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР**

Аты-жөні _____

Жеке куәлік (төлқұжат) _____

(сериясы, номері, кім және қашан берді)

Почталық мекен-жайы _____

Тұрғылықты мекен-жайы _____

тел.: үй _____ қызмет _____

N	Атауы	Өлшем	Саны	Сомасы
			б і р л і г і	

1.	Есеп беру кезеңінде алынған	кірістер:		
1.1.	Ж а л а қ ы		X	
1.2.	Ұйымдардың жарғылық капиталына қатысу үлесінен түскен дивидендтер	мен кірістер		X
1.3.	Салымдар бойынша сыйақы			X
1.4.	Мүлікті жалға беруден түскен кіріс			X
1.5.	Кәсіпкерлік қызметтен түскен кіріс			X
1.6.	Мүлікті сатудан түскен кіріс			X
1.7.	Кірістің басқа түрлері			X

2 .	М ү л і к :	
2 . 1 . А қ ш а :		X
ұлттық валютада, оның ішінде		X
қ о л м а - қ о л		X
банк есепшоттарында		X
шетел валютасында, оның ішінде		X
қ о л м а - қ о л		X
банк есепшоттарында		X
2 . 2 . Бағалы қағаздар		
2.3. Ұйымдардың, оның ішінде ҚР резидент		X
еместерінің ұйымның жарғылық капиталына		
қатысу үлестері (акциялар) (саны		
төленген жарғылық капиталға проценттік		
ара қатынаспен көрсетіледі)		
2 . 4 . Жылжымайтын мүлік		
2 . 5 . Б а с қ а м ү л і к		

Қолы
Күні

Қазақстан Республикасының
Ұлттық Банкі Басқармасының
2001 жылғы 25 маусымдағы N 256
қаулысымен бекітілген Банктер мен банктік
холдингтердің ірі қатысушыларының есеп
және мәліметтер беру ережесіне
N 8 қосымша

ЖЕКЕ ТҰЛҒАНЫҢ АТҚАРАТЫН ҚЫЗМЕТТЕРІ ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР

Аты-жөні _____
Почталық мекен-жайы _____
Тұрақты тұратын жері _____
тел.: үй _____ факсы: _____
Ұйымның атауы Атқаратын Ұйымның атауы Қатысу Есеп беруші тұлғаға
қызметі тиесілі қатысу
үлесі (акция)

Тікелей Жаңама

Бірінші басшы _____ Бас бухгалтер _____
қолы қолы

МО
Есепті жасау күні:
Орындаушы: _____ тел.: _____
қолы (аты-жөні)

Қазақстан Республикасының
Ұлттық Банкі Басқармасының
2001 жылғы 25 маусымдағы N 256
қаулысымен бекітілген Банктер мен банктік
холдингтердің ірі қатысушыларының есеп
және мәліметтер беру ережесіне

№ 9 қосымша

БАНКТИҢ ҚАТЫСУШЫСЫ БОЛЫП ТАБЫЛАТЫН ЖЕКЕ ТҰЛҒАНЫҢ
ЖАҚЫН ТУЫСТАРЫНЫҢ (ата-анасы, жұбайы (зайыбы),
аға-інілері, апа-қарындастары, балалары)
ЖӘНЕ ЖЕКЕ ТҰЛҒАНЫҢ ЖҰБАЙЫНЫҢ (ЗАЙЫБЫНЫҢ) ЖӘНЕ
АТА-АНАЛАРЫНЫҢ, АҒА-ІНІЛЕРІНІҢ, ЖҰБАЙЫНЫҢ (ЗАЙЫБЫНЫҢ)
АПА-ҚАРЫНДАСТАРЫНЫҢ БАСҚА ЗАҢДЫ ТҰЛҒАНЫҢ ЖАРҒЫЛЫҚ
КАПИТАЛЫНА ҚАТЫСУ ҮЛЕСТЕРІ ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР

ЕСЕП БЕРУШІ ТҰЛҒА ЖӨНІНДЕ АҚПАРАТ
Аты-жөні _____
Почталық мекен-жайы _____
Тұрақты тұратын жері _____
тел.: _____

Жақын туысының, Жұбайының (зайыбының) және жұбайының (зайыбының) жақын туыстарының аты-жөні	Туыстық Ұйымның дәрежесі атауы	Жақын туысының, жұбайының және жұбайының жақын туыстарының	Қатысу сомасы	Жақын туысына жұбайына (зайыбына) және жұбайының (зайыбының) жақын туысына тиесілі қатысу үлесі (акциясы)
---	--------------------------------	--	---------------	---

а т қ а р а т ы н

қызметтері

Тікелей Жаңама

Бірінші басшы

қолы

МО

Есепті жасау күні:

Орындаушы:

қолы

(аты-жөні)

Бас бухгалтер

қолы

тел.: